




10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропология және
әлеуметтік ғылымдар





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және әлеуметтік ғылымдар
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» ғылымы әлеуметтік тарихпен тікелей байланысты, себебі тарихи антропология әлеуметтік тарихтың бір саласы. Осы дәрісте біз тарихи антропология мен әлеуметтік ғылымдар арасындағы қарым-қатынастарды қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Бұрынғы және жаңа зияткерлік ықпалдар

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Алдыңғы баяндаулардан көрініп тұрғандай, тарихи антропология «пәнаралық» перзент; ол көп нәрсені әлеуметтік ғылымдардан, ең алдымен, этнологиядан алған. Алайда, бұл алыс-беріс тарихи ғылымның өзінің даму логикасымен анықталды. Әлеуметтанушылар мен антропологтардың баяғыда жарық көрген жұмыстарын тарихшылардың басқа қырынан «танығанының» көптеген мысалдары мұның айқын дәлелі бола алады. Мысалы, тек соңғы онжылдықта ғана А. ван Геннеп (1873-1957) және М. Мосс (1872-1950) еңбектері тарихшылар назарын аударды, ал Э. Дюркгеймнің (1858-1917) кітабынан «Элементарные формы религиозной жизни» (1912) атты тарауы кенеттен ерекше танымалдылыққа ие болды. Авторларының көзі тірісінде тарихшылар тарапынан қызығушылыққа ие болмаған бұл еңбектердің тарихшылар арасында кешеуілдеп танымал болуы антропологияның қалыптасу кезеңімен, соның ішінде, өткен дәуірлер өміріндегі рәсімдер мен әдет-ғұрыптарды белсенді түрде зерттеу үрдісімен тұспа-тұс келуі тегін емес. Бұл көбінесе неміс әлеуметтанушысы Н. Элиастың тұңғыш рет 1939 жылы шыққан, бірақ ғылыми әлемде елеусіз қалып қойған «О цивилизационном процессе» кітабына қатысты; бұл кітап пен оның авторы аталған еңбек 1969 жылы қайта басылып шығып, Еуропаның басқа тілдеріне аударылғаннан кейін ғана даңққа бөленді. Элиастың еңбектері 70-80 жылдары - түрлі мемлекеттер тарихшылары жеке өмір және өмір сүру салты тарихында қарастырылатын мәселелер қызу түрде қарастырылып жатқан кезде кеңінен танымал болды.

Бүгінде жаңа қарқынмен көрініс берген бұрынғы зияткерлік ықпалдардан бөлек, әлдеқайда жаңа ықпалдар да бар. Соның ішінде, әлеуметтанушы И. Гофманды (1922-1982), философ Мишель Фуконы (1926-1984), антрополог К. Гирцті (1926-2006), әлеуметтанушы және этнолог Б. Бурдьені (1930-2002) атаған жөн.

Әрине, әр тарихшының өз қалауы бар. Оның үстіне бірқатар «ұлттық әуестікті» де байқауға болады: мысалы, француз тарихи антропологиясына К. Леви Строс еңбектері айрықша ықпал етсе, америкалық және британдық тарихшылар еңбектерінде Э. Э. Эванс-Причард, Макс Глакман, В. Тернер, К. Гирц сияқты отандас-антропологтардан келтірілген сілтемелер басымдыққа ие. Төменде бүгінгі тарихи-антропологиялық зерттеулерде әлеуметтік ғылымдар бойынша жиі мысал етілетін еңбектерге қысқаша шолу жасалған.

Э. Дюркгеймнің ең алғаш 1912 жылы шыққан «Элементарные формы религиозной жизни» кітабы күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жойған жоқ. Француз әлеуметтік мектебін құрушы мұнда дін мен рәсімдерді құрылымдық-қызметтік тәсілмен талдайды. Оның түсіндіруінше, дін - әлеуметтік құбылыс, бұл - «қасиетті сенімдер мен тәжірибелердің ... оған жататындардың барлығын Шіркеу деп аталатын бір моральдық қоғамдастыққа біріктіретін сенімдер мен тәжірибелердің біртұтас жүйесі». Діни ұғымды ол «ұжымдық ақиқатты білдіретін ұжымдық түсінік» деп қарастырады; салт-жоралар осы сенім мен топтың бірлігі сезімін нығайтады; рәсімнің мәні - «бүгінді өткенге және жеке тұлғаны топқа байлау». Терминология да, Дюркгеймнің бұл мәселеге көзқарасы да діни антропология бойынша бүгінгі зерттеулерде кеңінен қолданылып жүр.

Салт-жораларды зерттейтін кез келген тарихшының үстелінде А. ван Геннептің «Обряды перехода» (1909) кітабы жатады: адамның бір күйден екінші күйге ауысуы: үйлену тойы, жерлеу рәсімі, инициация, діни дәрежесінің өсуі, тақ иеленуі және т.б. онда жүйелі түрде сөз болады.

М. Мосс еңбектерінің ішінде «Очерк о даре» (1925) және «Техники тела» мақаласы тарихи антропология үшін айрықша маңызды. Бірінші еңбек М. Мосстың ең танымал шығармасы және архаикалық қоғамдағы өзара алмасу түрлерін зерттейді. Тарихи білімнің әртүрлі салалары үшін оның маңызы зор, соның ішінде «Очерк о даре» дәстүрлі экономикалық тарихтың экономикалық антропология бағытындағы эволюциясына ықпал етті. Дене техникасы жөніндегі мақала қазіргі көптеген тарихшыларды әртүрлі әлеуметтік тәжірибелерді, мінез-құлық мәнерін, әдеттерді зерттеуге шабыттандырды. Жүру, жүгіру, үстел



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және әлеуметтік ғылымдар
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

басында отыру сияқты, бір қарағанда табиғи қозғалыстар мен дене күйлері шын мәнісінде әлеуметтік мәнге ие және орынға, уақытқа, жасқа, жынысқа, т.б. байланысты өзгеріп тұратын болып шықты.

30 жылдары М.Мосс дене техникасы туралы ойланып жүрген кезде тағы бір новаторлық, бірақ шынайы бағасын тек жақында ғана алған, Н.Элиастың «О процессе цивилизации» атты еңбегі жарық көрді. Бұл кітапта Орта ғасырлардың соңы мен Жаңа ғасырдың басындағы батысеуропалық ақсүйек қоғамдағы өзін-өзі бақылау механизмінің күшеюі және ыңғайсыздану шегі мен қоғамның көзі ашық қатарынан болғандардың ұят сезімінің өзгеруі арқылы көрінетін жақсы мінез-құлық мәнері өркениеттік үдерістің бір бөлігі ретінде қарастырылады; өз кезегінде автор бұл өзгерістерді сол дәуірдің әлеуметтік-саяси үдерістерімен және ең алдымен, Еуропадағы абсолюттік мемлекеттердің қалыптасуымен байланыстырады. 70-80 жылдары Н.Элиас еңбектері Германиядағы аттас ғылыми бағыттың (Alltagsgeschichte) дамуына серпін бере отырып, тарихи антропологияның әр алуан дене қимылдары тарихы (ым-ишара, мінез-құлық мәнері) мен өмір сүру салты тарихы мәселелерін талдауға айтарлықтай ықпал етті.

Өткен кезеңнің түрлі қоғамдарындағы күнделікті қарым-қатынас рәміздерін зерттеу барысында, антропологиялық бағытты жақтаушы тарихшылар, соның ішінде, П.Берк америкалық әлеуметтанушы И.Гофманның зерттеулерін, нақтырақ айтқанда, оның «Представление себя другим в повседневной жизни» (1959) кітабын пайдаланады. Аталған еңбекте адамдар арасындағы қарым-қатынасты талдауда драматургиялық тәсіл қолданылған: олардың мінез-құлқын сипаттауда «рөлдер», «драмалық контекст», «әсерлерді басқару», т.б. терминдер қолданылған. Мұндағы негізгі идея - күнделікті қарым-қатынас барысында адамдар өздері туралы жақсы ой қалыптастыруға тырысады және сондай-ақ, бұл ретте «қойылымның» басқа қатысушыларына көмектеседі немесе кедергі келдіреді дегенге саяды.

Француз философы және мәдениеттанушысы М.Фуко шығармашылығының тарихи ғылымға әсерін бірнеше сөзбен бағалау қиын. Оның тарихшыларға берген басты сабағы - тарихи зерттеудің табиғи және бұлжымас нысандары болмайтыны туралы болса керек. Фуко өз кітаптарында ессіздік, дәрігерлік емдеу, сексуалдық, түрмеге қамау - қандай да бір «мәңгілік» тақырыптар емес, әр дәуірде түрліше түсінілген және қолданылған өзінше бөлек әлеуметтік өнертабыс екенін көрсете алды. Тарихи антропология саласында оның жұмыстары әртүрлі әлеуметтік тәжірибелерді (емдеу, жазалау, билік ету, т.б.) зерттеуге мойын бұруға ынталандырды, ал оның қоғам өмірінің барлық деңгейінде, әлеуметтік ағзаның барлық жасушасына биліктің қатысы болуы тиісті екені туралы «Надзирать и наказывать. История тюрьмы» кітабы (1975) микротарихтың қалыптасуына ықпал етті.

Адамдардың күнделікті өмірінің «тәжірибелік логикасына» тарихшылар тарапынан ынта-ықыластың оянуына әлеуметтанушы және этнолог П.Бурдьенің еңбектері аз ықпал еткен жоқ. Адамның мінез-құлық еркіндігі мен әлеуметтік өз-өзін айқындау ара қатынасындағы күрделі мәселенің ықтимал шешімі ол дамытқан хабитус (habitus) тұжырымдамасында бар. Ғалым «реттелетін импровизация принципі» деген анықтама берген хабитус - нақты бір әлеуметтік топтың қабылдау, ойлау және мінез-құлық сызбасы (немесе матрицасы) жиынтығын білдіреді, жеке тұлға қалыптасқан өмірлік жағдайларға сай мінез-құлықтың қандай да бір стратегиясын дәл осы «репертуардан» таңдап алады.

Соңғы онжылдық көлемінде еңбектері тарихшылар арасында жиі мысалға келтіріліп жүрген, антропологтар арасынан шыққан рәміздік немесе түсіндірме беруші антропологияның басты өкілі, америкалық ғалым К.Гирц есімін атаған абзал. Оның «Интерпретация культуры» (1973) және «Местное знание» (1983) атты кітаптары 70-80 жылдары айрықша танымалдыққа ие болды. К.Гирц атақты мақаласында тұжырымдағандай, кез келген этнографиялық сипаттама түсіндірмеге қанық сипаттама болып шығады. Мәдениетті ол семиотикалық тұрғыда, яғни белгілер жүйесі ретінде түсінеді және зерттеушінің міндеті осы мәдениетте болып жатқан жайттардың мағынасын ашу деп біледі. Қанық сипаттама (thick description) сол мақсатта қызмет етеді, яғни нақты оқиғаны, рәсімді, жағдайды бұлай сипаттау арқылы зерттеуші қатысушылардың өздері өз сөздеріне, қылықтарына бергісі келген мән мен мағына реңктерін қайта қалпына келтіруге тырысады. К.Гирцтің бұл тұжырымының пафосы сонда - антропологтың көрген немесе естіген нәрселерін жазып алғандары оның түсіндірмесі (басқаша болуы мүмкін емес!) болуында. Этнологтың (өз атымнан қосарым), анықтама бойынша, тікелей бақылау жүргізуге мүмкіндігі жоқ тарихшыдан «артықшылығы» оның еңбегінің қиялмен байланысты екенінде: екі жағдайда да ғалым қол жеткізген ақпаратты өзінше түсіндіреді. Гирцтің мұндай зерттеушілік ұстанымы екі пәннің - тарих пен этнологияның ары қарайғы жақындасуына ықпал етуі тиіс болатын. Шынымен де, тарихшылар, көп ұзамай көз жеткізетініміздей, америкалық антрополог көзқарастарына немқұрайлы қараған жоқ: олардың бірі оның белсенді жақтасына, басқалары - тарихтағы гирцизмнің айтарлықтай белсенді сыншыларына айналды.



Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналдар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal methodology. Chicaqo, 1965.